

Нысанның БҚСЖ бойынша коды Код формы по ОКУД КҰЖЖ бойынша ұйым коды Код организации по ОКПО	
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	
Мемлекеттік органның атауы Наименование государственного органа "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Батыс Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Сырым аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі Республиканское государственное учреждение "Сырымское районное Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Западно-Казахстанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"	

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение
 № L.09.X.KZ33VWF00248272
 Дата: 14.11.2024 ж. (г.)

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)

"Алтын ұя" бөбекжай-бақшасы

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдегі Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің толық атауы) (полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

Жүргізілді (Проведена) Заявление от 04.11.2024 16:43:57 № KZ64RYS00851461

өтініш, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күні, нөмірі)
по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата, номер)

2. Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик)(заявитель) ИП "Жайсултанов М.Х", РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН, ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ, СЫРЫМСКИЙ РАЙОН, ЖЫМПИТЫНСКИЙ С.О., С. ЖЫМПИТЫ ЗКО Сырымский район Жымпиты, Сатаев 8 Д

Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы (тиселігі), объектінің мекен жайы/орналасқан орны, телефоны, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес месторасположения объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сарапта у жүргізілетін объектінің қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

дәсткіш сәй

сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекенжайы (сфера, вид деятельности, месторасположение, адрес)

Базалардың күндізгі күтімі

4. Жобалар, материал дарөзірленді (дайындалды) (Проекты, материалы разработаны (подготовлены) :

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) өтініш 04.11.2024ж №KZ64RYS00851461, Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасы (құбыр суы асханадан) №69 27.05.2024ж, Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасы (құбыр суы қраннан) №70 27.05.2024ж, Судың үлгісін микробиологиялық зерттеу хаттамасы (құбыр суы асханадан) №69 27.05.2024ж, Судың үлгісін микробиологиялық зерттеу хаттамасы (құбыр суы қраннан) №69 27.05.2024ж, Жарықты өлшеу хаттамасы №5 27.05.2024ж, Метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы №8 27.05.2024ж



6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции) =
7. Басқа ұйымдардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организаций если имеются) =
Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)

8. Сараптама жүргізілетін объектінің толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции))

«Алтын ұя» балабақшасы ЖК М.Жайсултановқа қарасты, ЖСН 881124301077, жеке тұлғаның соңғы қайта тіркеу номері 04.03.2019ж.

Заңды мекен жайы: «Алтын ұя» балабақшасының орналасқан жері Сырым ауданы, Жымпиты ауылы, Сатаев көшесі 8/1 үй. Ұялы телефон номері 87055900080.

Қымет түрі: мектепке дейінгі тәрбие. Объектінің қуаты-70 бала, Жобалық қуаты: 70 бала, үш топқа қарастырылған.

Объектіге санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды бұрын берілген 20.07.2022ж

№Л.09.X.KZ61VWF00071325 .

«Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» ҚР ДСМ м.а. 2022 жылғы 11 қаңтардағы №ҚР ДСМ-2 бұйрығына сәйкес «Алтын ұя» балабақшасы -жіктелмейді.

Ғимарат айналасы зақымдаусыз қоршалған. Объекті учаскесіне кіру жолдары, қоқыс жинағыш алаңдарға, сыртқы дәретханаға апаратын жолдар тазалауға қолжетімді асфальт жабынымен жабықталған, беті тегіс, ақаусыз. Балабақша ауласында қоқыс жинағыштар шаруашылық аймақта айналасы үш жағынан қоршалған бір контейнермен қамтылған, беті тығыз жабылатын қақпағы бар, су өткізбейтін төсемі бар алаңға орнатылған. Тұтыну қалдықтарын жинау, уақытша сақтау, әкету және тасымалдау уақытылы жүргізіледі. Келісім шарт №21 10.05.2024ж. Ойын алаңдарындағы жабдық балалардың бойына мен жасына сәйкес, өткір шығыңқы жерлері жоқ. Әрбір топтық алаңда күн мен жауын шашынан қорғау үшін үш жағынан қоршалған көлеңке қалқа көзделген. Көлеңке қалқалардың едені ағаштан жасалған. Серуендеу алаңында балалар үшін жылдың ыстық уақытында пайдалануға құмсалғыш орнатылған. Балабақшаның аумағы және қоршаудың сыртындағы оған іргелес аумақ таза ұсталған. Объектіде дератизациялау, дезинсекция және дезинфекциялау бойынша жұмыстар жүргізілді келісім шарт. №35 27.05.2024ж.

Объектінің аумағында олардың қызметімен байланысы жоқ объектілер орналастырылмаған.

Балабақшаның бөлмелерінің жиынтығы, құрамы және ауданы: «Күншуақ» тобының жатын және ойын бөлмесінің ауданы-45,00 ш.м-15 бала. «Балапан» тобының жатын және ойын бөлмесінің ауданы-69,00 ш.м-23 бала, «Еркемай» тобының жатын және ойын бөлмесінің ауданы-96,00 ш.м.-32 бала, мед.бике бөлмесі-6,00ш.м. Екі топқа біріктірілген киім шешетін бөлме қарастырылған ауданы-36,40ш.м, үшінші топтың киім шешетін бөлмесінің ауданы 24,00, ыдыс аяқ жуатын бөлме-4,60ш.м, қойма төсек орындарын сақтайтын-5,90ш.м, кір жуатын бөлме-5,60ш.м, асхана-21,40ш.м, тағам сақтайтын қойманың ауданы-5,60ш.м. Қызметкерлерге арналған бөлменің ауданы-15,20ш.м. Санитарлық тораптардың ауданы дәретхана-4,60 ш.м, дәретхана-4,00ш.м, дәретхана-5,90ш.м.

Асханаға келген тамақтарды қабылдау үшін бөлек есік қарастырылған.

Асханада шикі және өнімдердің, шикі жартылай фабрикаттардың және дайын өніммен, пайдаланылған ыдыстың таза ыдыспен, келушілер мен персоналдың араласуын болдырмайтын технологиялық процестердің жүйелілігі көзделген. Азық түлік өнімдерін сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату шарттары, шикізат пен дайын өнімді бөлек сақтауға арналған тоңазытқыш жабдықтар, температуралық жағдайлары сақталады. Ыдыс аяқтарды кептіретін кептіргіштермен қамтамасыз етілген. Үй-жайларды жабдықтарды, мүкәммаларды және ыдыстарды жуу және дезинфекциялау шарттары сақталады. Көкөністерді және құрғақ тағамдарды сақтайтын қоймалар сөрелермен қамтылған. Температуралық және ылғалдылық жағдайлары сақталады, тоңазытқыштар термометрлермен қамтылған. Өндірістік жағдайлар, оның ішінде процестердің ағымы сақталады. Асхана 5 камфорлы газлитамеи-1, ыдыс-аяқ кептіретін кептіргіштермен-3, еттартқыштармен-1, тоңазытқыш-2, мұздатқыш-1, ас үй ыдыстарын жууға 2 секциялы раковина, қызметкерлерге арналған қол жууға раковиналармен-1 қамтылған, шикі және дайын өнімдерді өңдейтін, нан кесетін арнайы үстелдермен, жұмыртқаны өңдейтін арнайы ыдыспен, тақтайшалармен, пышақтармен қамтылған, таңбаланған, өз орнымен пайдаланады. Нан сақтайтын шкафпен қамтылған. Жұмыртқа арнайы бөлінген орында таңбаланған сыйымдылықтарда өңделеді. Тағам дайындау үй-жайлардағы ауаны және жабдықтың жұмыс беттерін залалсыздандыру үшін 1 бактерицидтік шаммен қамтылған. Тағам сақтайтын қойма сөрелермен жабықталған. Ылғалды жинау жұмыстарына арналған құрал-жабдықтарға арнайы орын қарастырылған. Балалардың тамақтандырылуы өз топтарында үстелдер мен орындықтар және әр балаға жеке ыдыс аяқ көздерімен жабықталған.



санитарлық-тұрмыстық бөлмелердің (дәретхана, қолжуғыш бөлмесі) қабырғалары мен еденінің беттері жуу және дезинфекциялау құралдарына төзімді материалдармен жасакталған. Барлық бөлме жайлар таза ұсталған. «Балапан» тобының санитарлық тораптарда 3 унитаз, 3 раковинамен, «Күншұақ» тобының санитарлық торабында 2 унитаз, 2 раковинамен, қамтылған. «Еркемай» тобының санитарлық торабында 3 унитаз, 3 раковинамен қамтылған. Жеке бас гигиенасын сақтауға сұйық сабындармен және әр бала жеке орамалмен қамтылған. Сүлгілерге арналған жеке ұяшықтары бар қабырға ілгіштерімен қамтамасыз етілген. Дәретханалар пайдаланылғаннан кейін тазартылады, жуылады және дезинфекцияланады. Қоқыс жинауға арналған урналармен қамтылған. Барлық санитарлық жабдықтар жұмыс жағдайында.

Медициналық бөлменің ауданы -6,0 ш.м, Балабақшада медициналық қызмет көрсету қамтамасыз тілген. Медициналық бөлменің ішкі әрленуі санитариялық ережеге сай жуу және дезинфекциялау құралдарына төзімді материалдармен жасакталған. Медициналық бөлмеде қол жууға 1 қол жуғыш орналастырылған. Барлық қажетті құрал-жабдықтармен және медициналық құралдармен жабдықталған. Қажетті құралдардан бары: жазу үстелі, кұшетка, кенсе шкафы, танометр, фонендоскоп, таразы медициналық, бикс, бой өлшегіш, бактерицидтік шам, керекті дәрі-дәрмектер.

Сумен жабдықтау сипаттамасы: Су орталықтандырылған шаруашылық-ауыз сумен жабдықталған. Ыстық су сужылытқыштар (арестон) арқылы, Ыстық және суық су барлық жуу раковиналарға жеткізілген, барлығыда жұмыс жағдайында. Өндірістік саркынды суларды су өткізбейтін сыйымдылықтарға жүзеге асырылады. Ауыз су режимі ұйымдастырылған. Балаларға қайнатылған су беріледі. Қайнатылған ауыз су үш сағаттан аспайтын уақыт сақталған жағдайда жүзеге асырылады. Су ішу үшін таза ыдыстар (шыны, фаянс) пайдаланады, таза және пайдаланылған ыдыс үшін таңбаланған жеке подностарда бөлінген. Ауыз суға арналған сыйымдылықтар басқа мақсатта пайдаланылмайды. Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасы (құбыр суы асханадан) №69 27.05.2024ж. Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасы (құбыр суы краннан) №70 27.05.2024ж, Судың үлгісін микробиологиялық зерттеу хаттамасы (құбыр суы асханадан) №69 27.05.2024ж. Судың үлгісін микробиологиялық зерттеу хаттамасы (құбыр суы краннан) №69 27.05.2024ж қолданыстағы гигиеналық нормативтерге сәйкес.

Суды бұру сипаттамасы. Кәріз жүйесі жергілікті кәріз құрылғысы -септик орнатылған. Су бұру жүйесі барлық қондырғыларға орнатылған, ағынды сулар септикке жиналып, толған сайын шығарылады. Жылу жүйесі-орталықтандырылған қогілдір отын арқылы. Жылыту жүйесінің радиаторлары терезе астында орналастырылған және тормен жабылған. Жылыту жүйелерінің ақаулары жоқ. Жарықтандыру: Объектінің аумағында сыртқы жасанды жарықтандыру көзделген. Табиғи жарық көзі терезе арқылы, жасанды жарық көзі люминисценттік шамдар арқылы. Жарық ойықтарын реттелетін күннен қорғайтын құрылғылармен жабдықталған. Барлық люминисценттік шамдар жұмыс жағдайында. Жарамсыз, құрамында сынап бар шамдар балалардың қолы жетпейтін жеке үй-жайда сақталады. Істен шыққан құрамында сынап бар шамдарды қоқыс жинағыштарға тастауға жол берілмеген. Бір үй-жайда бір типті шамдармен қамтылған. Терезелер москит торларымен қамтылған. Жарықты өлшеу хаттамасы №5 27.05.2024ж, қолданыстағы гигиеналық нормативтерге сай.

Желдету: табиғи ашылатын терезе (форточкалар) арқылы жүзеге асады. Балабақша барлық үй-жайларында терезе санылаулары арқылы табиғи желдету қарастырылған (ойын және жатын бөлмелер, шешінетін бөлмелер, жуынатын бөлме). Өтпелі немесе бұрыштан желдету балалар болмаған кезде жүргізіледі. Жылу және ылғал бөлу көзі болып табылатын жабдықтың және ыдыс жуатын раковинаның үстінде сыртқа тарту шатырлары қозделген.

Төсек-орындарды жуу объектінің кір жуатын орнында жүзеге асырылады. Кір жуатын орында таза және лас төсек орынының қарама-қарсы ағыны сақталады. Лас және таза төсек әбзелдерін салатын арнайы таңбаланған қаптармен қамтамасыз етілген. Таза төсек әбзелдерін сақтауға бөлме қарастырылған, жуылған төсек жабдықтарын, сүлгілерді сақтайтын арнайы шкаф бар. Инфекциялық аурумен ауырған науқастардың төсек-орнын залалсыздандыру үшін арнайы таңбаланған ыдыспен қамтылған. Төсек жабдықтарын, сүлгілерді ауыстыру ластануына қарай және 7 күнде бір рет жүргізіледі. Төсек әбзелдері (матрастар, көпшіктер, көрпелер) камералық дезинфекциядан өткен келісім шарт №35 27.05.2024ж.

Ылғалды жинау жұмыстарына арналған құрал-жабдықтар таңбаланған (шелектер, шүберектер) жекедеген үй-жайларға тіркелген және арнайы бөлінген орында сақталады. Дәретханаларды жинау мүқаммалары сигналды белгімен белгіленген.

Барлық үй-жайлардың төбелерінің, қабырғаларының, едендерінің беттері тегіс, пішіндері бұзылмаған, зақымдалмаған, жатын бөлмелер қабырғалары ақшыл түсті бояумен өңделген, едендеріне линолиум төселген, беттері тегіс. Медициналық бөлменің жары сырланған, еденіне линолиум төселген санитарлық тораптардың жарлары, едендері кафелденген. Барлық бөлмелер ылғалды жинау жұмыстарына және дезинфекциялауға төзімді.

Жиһаз, қатты, жұмсақ құрал жабдықтар: Жиһаз, жабдық, жұмсақ және қатты мүқаммал, санитариялық-техникалық құралдар барлығыда жұмыс жағдайында және мақсатына қарай пайдаланылады. Бір үй-жайда 1 балаға кемінде 3,0 ш.м. ойын және жатын үй-жайлары біріктірілген, бұл ретте жатын аймағында



түрлендірілетін жылжытылатын керуеттер орнатылған. Жиһаздар мен жабдықтар балалардың бой-жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Киімге арналған жеке шкафтармен қамтамасыз етілген, балалардың киіміне арналған шкафтардың жеке таңбалары бар. Үй-жайлар функционалдық мақсаттарға сәйкес пайдаланылады. Бір жатын орынға үш төсек-орын жиынтығының болуы көзделген. Төсек орындары мен орамалдар әр балаға жеке бөлінген. Метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы №8 27.05.2024ж қолданыстағы гигиеналық нормативтерге сәйкес. Азық-түліктерді сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату ережелері сақталады. Жұмыс жағдайында 2 бактерицидтік сәулелендіргіш бар. Медициналық кабинетте жылжымалы бактерицидтік сәулелендіргіштер қолданылады. Ориенту орны, өңдеу, пайдалану режимі мен ережелері бактерицидтік сәулелендіргіштердің жұмыс уақыты есепке алу пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес қамтамасыз етіледі. Температуралық-ылғалдылық режимінің сақталуын бақылау үшін өлшеу аспаптары ойын жатын бөлмелерінде, медициналық кабинетте, шешінетін орындарда 1,2 биіктікте бекітілген, барлығы жұмыс күйінде. Балабақша аумағында темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылған темекісі бар бұйымдарды, темекі қыздыруға арналған жүйелерді, тұтынудың электрондық жүйелерін және оларға арналған сұйықтарды тұтынуда тиым салынады.

9.Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің, қайта жанартылатын объектінің сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жер асты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау мағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған ортамен халық денсаулығын аттигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты) (Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, видгрунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света;): «Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» КР ДСМ м.а. 2022 жылғы 11 қаңтардағы №КР ДСМ-2 бұйрығына сәйкес «Алтын ұя» балабақшасы –жіктелмейді.

10.Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері (Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)

Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасы (құбыр суы асханадан) №69 27.05.2024ж. Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасы (құбыр суы қраннан) №70 27.05.2024ж. Судың үлгісін микробиологиялық зерттеу хаттамасы (құбыр суы асханадан) №69 27.05.2024ж. Судың үлгісін микробиологиялық зерттеу хаттамасы (құбыр суы қраннан) №69 27.05.2024ж. Жарықты өлшеу хаттамасы №5 27.05.2024ж. Метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы №8 27.05.2024ж.

II. ИСК-мен жұмыс істеуге рұқсат етіледі (разрешаются работы с ИИИ)

